

«БЕКІТЕМІН»
Жетісу облысы
Білім басқармасының басшысы
М.Сулейменов
«27» 2023 жыл



«Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиетіндегі рөлі» атты дарынды балалар арасындағы облыстық шығармашылық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

Осы ережелер жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін республикалық шығармашылық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, үйымдастыру, әдістемелік қызметін жүзеге асыру, байқауды өткізу мен қаржыландыру тәртібін, оқушылардың қатысуын және женімпаздар мен жұлдегерлерді анықтау тәртібін анықтайды.

Байқаудың үйымдастырушылары – Жетісу облысы білім басқармасы және «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оку-әдістемелік орталығы бірлесіп өткізеді.

Байқаудың мақсаты – мектеп оқушыларының арасынан шығармашылық, зияткерлік қабілеті бар, ұшқыр ойлы, креативті, логикалық және сыйни тұрғыдан ойлауы жақсы дамыған, ақын-жазушы, ізкесуші, детектив болғысы келетін дарынды, өнерлі оқушыларды анықтау және қолдау.

Байқаудың міндеттері – шығармадағы кейіпкерлердің келенсіз қырларын қылмыстық істер арқылы көрсететін детектив жанрында қазақ әдебиетінде қалам тартқан, осы саладағы үздік туындылары арқылы Кемел Тоқаевтың еңбектерімен оқушыларды таныстыру және болашакта ел қорғаны бола алатын, туған жерін сүйетін жеке тұлғаларды қалыптастыру.

II. Байқауды үйымдастыру және өткізу тәртібі

Қатысушылар: Конкурс қатысушылары орта білім беру үйымдарының 8-11 (12) сынып оқушылары болып табылады.

Кезеңдері: аудандық/қалалық, облыстық.

I кезең – аудандық (қалалық)

II кезең – облыстық

III. Байқау бағыттары

Байқау 3 (үш) бағыт бойынша өткізіледі.

1. **«Жазушы ізімен – жас қаламгер»** – Кемел Тоқаевтың шығармаларынан алынған үзіндіні негізге ала отырып, өз ойымен оқиганы жалғастыру.

2. «Кемел Тоқаев туындылары – ұлттық құндылығымыз» – жазушының шығармаларының желісі бойынша сахналық қойылым қою.
3. «Туындыдан туған ой» – бағыты бойынша эссе жазу.

Байқау бағыттары бойынша қойылатын талаптар:

1. «Жазушы ізімен – жас қаламгер» – Кемел Тоқаевтың шығармаларынан алынған үзіндін негізге ала отырып, өз ойымен оқиғаны жалғастыру.

Қойылатын талаптар: Аталған бағыт бойынша алдын ала оқушыларға жазушы Кемел Тоқаевтың «Тұнде атылған оқ», «Замандастар сұры» атты екі шығармасын оқуға беріледі. Байқау кезінде оқушыларға аталған шығармалардан үзінді беріледі. Үзіндін негізге ала отырып, өз ойымен оқиғаны жалғастыруы қажет. Көлемі 250-300 сөз. Тапсырманы орындауда 2,5 сағат уақыт беріледі. Оқушының тіл сауаттылығы, көркемдігі, ойының үшқырлығы және өзіндік көзқарасы бағаланады.

2. «Кемел Тоқаев туындылары – ұлттық құндылығымыз» – жазушы шығармаларының желісі бойынша сахналық қойылым қою.

Қойылатын талаптар: Бұл байқаудың топтық жарыс түрі. Алдын ала дайындалған сценарий бойынша оқушылар сахнада 10-12 минуттық қойылымды қояды. Қажетті реквизиттер тасымалдауға қолайлар, орнатуға ыңғайлы болуы тиіс. Қатысушы оқушылар саны 5 оқушыдан артық болмауы керек. Оқушылардың сахнада өзін ұстауы, рөлді ойнап шыға алуы, кейіпкер бейнесін аша алуы бағаланады. (Ескертү: қойылым уақыты 12 минуттан аспауы керек).

3. «Туындыдан туған ой» – бағыты бойынша эссе жазу.

Қойылатын талаптар: Оқушы өзі оқыған жазушы Кемел Тоқаевтың шығармасы бойынша 2 сағат ішінде 250-300 сөз көлемінде эссе жазады. Эссе жазуда оқушының ойы жүйелі, нақты, тақырып ашылуы керек. Тілі сауатты, тартымды, көркем болуы шарт.

ІV. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

4.1 Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.

4.2 Байқаудың ұйымдастыру комитеті:

- Байқауға дайындық жүргізу мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;

- Байқау өткізуге қатысты ақпаратты әлеуметтік желілер және бұкаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратады.

- Байқаудың өту мерзімін анықтайды;

- Байқауға қатысу үшін қажетті өтінімдер мен материалдарды қабылдайды;

- Байқаудың қазылар алқасы құрамын бекітеді;

-Байқау жеңімпаздарын анықтау және ынталандыру іс-шараларын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

4.3 Байқаудың қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын бағалайды және қорытындысын шығарады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

4.4 Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығы» КММ, Әлімжанов көшесі, 20 үй (№27 орта мектеп-гимназиясының ғимараты). Байланыс телефондары: 8(7282) 401599, электрондық поштасы: 7su.daryn@gmail.com.

Ү. Байқаудың қазылар алқасының мүшелері

5.1. Қазылар алқасының құрамы төрағадан, алқа мүшелерінен және хатшыдан тұрады.

5.2. Облыстық Кемел Тоқаев атындағы байқаудың қазылар алқасы:

- қатысушылардың шығармашылығына талдау жасайды, 10 баллдық жүйемен бағалайды;
- апелляция қарастырылмайды.
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді;
- Жетісу облысы білім басқармасына байқаудың қорытындысы бойынша есеп береді.

VI. Қорытындылау және марапаттау

6.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Жетісу облысы білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Әр бағыт бойынша I орын – 1, II орын-2, III орын-3. Барлық қатысушыларға қатысқаны үшін алғыс хаттар беріледі.

6.2. Облыстық кезеңнің I, II, III орын жүлдегерлері бағалы сыйлықтармен немесе ақшалай сертификаттармен марапатталады.

VII. Қаржыландыру

7.1. Облыстық Кемел Тоқаев атындағы шығармашылық байқауының мектепішлік, аудандық (қалалық), облыстық кезеңдерін қаржыландыруды тиісті жергілікті білім мекемелері жүзеге асырады.

7.2. Облыстық Кемел Тоқаев атындағы шығармашылық байқауына қатысушылардың тамақтануы, орналасуы (жатын орны) ұйымдастырушылар есебінен қарастырылады.

7.3. Қатысушылардың Жетісу облысы Талдықорған қаласына келу және қайту жолдағы шығындары, сонымен қатар жетекшілердің жол ақысы, тамақтануы, орналасуы жіберіп отырған мекемелері тарапынан төленеді.

7.4. Облыстық Кемел Тоқаев атындағы шығармашылық байқауының қатысуышыларын марапаттау және бағалы сыйлықтар алу шығындары Жетісу облысы білім басқармасының есебінен қарастырылады.

№1 қосымша

«Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиетіндегі рөлі» атты дарынды балалар арасындағы облыстық шығармашылық байқауының қатысуышылар саны

№	Аудан/қала, мамандандырылған білім беру ұйымдарының атауы	«Жазушы ізімен – жас қаламгер» бағыты		«Кемел Тоқаев туындылары – ұлттық күнділікшіміз» бағыты	«Тұындыдан туған ой» бағыты	
		8-9	10-11		8-9	10-11
1.	Аксу ауданы	1	1	3-5	1	1
2.	Алакөл ауданы	1	1	3-5	1	1
3.	Ескелді ауданы	1	1	3-5	1	1
4.	Кербұлак ауданы	1	1	3-5	1	1
5.	Кексу ауданы	1	1	3-5	1	1
6.	Қаратал ауданы	1	1	3-5	1	1
7.	Панфилов ауданы	1	1	3-5	1	1
8.	Сарқан ауданы	1	1	3-5	1	1
9.	Талдықорған қаласы	1	1	3-5	1	1
10.	Текелі қаласы	1	1	3-5	1	1
11.	№20 мамандандырылған лицейі	1	1	3-5	1	1
12.	Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейі	1	1	3-5	1	1
13.	«Білім-Инновация» дарынды балаларға арналған лицей-интернаты	1	1	3-5	1	1
14.	«Жыланды» мамандандырылған лицейі	1	1	3-5	1	1
Барлығы		14	14	42-70	14	14

№2 қосымша

**«Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиетіндегі рөлі» атты дарынды балалар
арасындағы облыстық шығармашылық байқауына сұраныс**

№	Оқушының аты - жөні	Облысы, қаласы ауданы	Мектебі сыныбы	Дайындаған жетекшінің аты – жөні, телефоны	Топты алғыш жүретін жетекшінің аты – жөні, ұялы телефоны